## 1. МАҚСАТ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобындағы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарттың (бұдан әрі - Стандарт) мақсаты:

1) Объектілерде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында қолданылып жүрген Қауіпті өндірістік факторларға сәйкес басқарудың барлық деңгейлерінде Қызметкерлердің Құзыреттерін қамтамасыз ету;

2) ҚМГ компаниялары тобының лауазымдық топтарына сәйкес Қызметкерлер үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттер деңгейін белгілеу және айқындау

3) Қызметкерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Құзыреттердергі олқылықтарды жою, сондай-ақ оқытуды кейіннен жоспарлау;

4) қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерді арттыруда Қызметкерлерді ынталандыру тетіктерін енгізу.

1.2. Осы Стандарт «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобында денсаулықты сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулыққа (1-нұсқа), IOGP ұсынымдарына сәйкес әзірленді және ҚМГ ішкі құжаты болып табылады.

1.3. ҚМГ компаниялары тобының операциялық қызметін басқару жүйесінің тұтастығы оқиғалар мен авариялардың салдарларын болдырмауға және жеңілдетуге бағытталған жұмыстарды жүргізу кезінде жобалаудың барынша қауіпсіз және тиімді әдістерін, сондай-ақ ұйымдастырушылық тәртіпті қолдануына қол жеткізеді. Бұл ретте технологиялық процестердің қауіпсіздігін басқару ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Қызметкерлердің Құзыреттерінің қажетті деңгейімен қамтамасыз етіледі және МЖ функционалдық элементтері бойынша көшбасшылықты талап етеді.

1.4. ҚМГ компаниялары тобында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерді қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Қауіпті өндірістік факторларды бағалау кезінде негізгі міндеттерді, іс-қимылдар мен міндеттер негізінде Құзыреттерді қамтамасыз ету;

2) ірі оқиғалар мен аварияларды болдырмау мақсатында технологиялық процестердің қауіпсіздігіне байланысты ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Қызметкерлер мен басшылар Құзыреттерінің сәйкестігін белгілеу және қолдау;

3) Құзыреттерді арттыру үшін тұрақты оқыту, Құзыреттерді дамытудың негізгі бөлігі ретінде практика арқылы білім мен дағдыларды бекіту;

4) аварииялық жағдайлар мен бұзылуларды, техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, Объектілерді пайдаланудың әртүрлі талаптары мен режимдері кезінде Құзыреттерді қамтамасыз ету;

5) Құзыреттерді дамыту және жоғарылатуды оқыту әдістерінің Қауіпті өндірістік факторлар мен орындалатын міндеттердің деңгейіне сәйкестігі;

6) аварииялық жағдайлардағы оқыту нысандарын қоса алғанда, Қауіпті өндірістік факторларды және бақылау шараларын бағалауға байланысты Жұмыс орнында/Объектіде оқытуды құрылымдау;

7) растау, бағалау және жазбаларды қоса алғанда, оқыту процесін құжаттау;

8) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы күрделі немесе маңызды міндеттер үшін мерзімді қайта даярлау;

9) Қауіпті өндірістік факторларға шамалас Жұмыс орны/Объекті үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық аспектілерді қоса алғанда кәсіптік біліктілікке сәйкестігі;

10) Мердігерлік ұйымдармен өзара әрекеттесу кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ байланысты салдарларды және олардың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ процестерін басқару және бақылау мүмкіндігінің кепілдіктерін айқындау және бағалау.

## 2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Бұл стандарт барлық Қызметкерлерге және барлық Объектілерге қолданылады және ҚМГ компаниялары тобының барлық Қызметкерлерімен орындау үшін міндетті.

2.2. ҚМГ компаниялары тобының Стандартты қолдануы ұқсас стандарттарды әзірлеу және бекіту немесе ұйымның ішкі құжаттарын осы Стандартқа сәйкес келтіру жолымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ұқсас стандарттардағы және ұйымның ішкі құжаттарындағы осы Стандартта көзделген талаптар төмен болмауы тиіс.

## 3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Стандартта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

| | |
|---|---|
| **ҚМГ** | «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік |

| | |
|---|---|
| | қоғамы |
| **ҚМГ компаниялар тобы** | ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ-нің бақылау құқығы бар заңды тұлғалар. |
| **Дивизион** | Келесі белгілердің біреуі бойынша құнды құру тізбегі тұрғысынан алғанда, өзінде қызметтің жақын бейіндегі бірнеше дербес ББ қамтитын ҚМГ бизнесінің стратегиялық құрылымдық бірліктері: өнімді (мұнай, газ), қызмет түрін (барлау, өндіру, қайта өңдеу, көлік, маркетинг, өткізу және басқалары).<br>Дивизиондар ҚМГ компаниялары тобының жетекшілік ететін ББ/ұйымдарының және корпоративтік функциялар бойынша ҚМГ Корпоративтік орталығының өзара іс-қимылын үйлестіруге және қамтамасыз етуге жауапты болады |
| **Бизнес-бірлік (ББ)** | Қызметтің/ҚМГ компаниялары тобының жетекшілік ететін ұйымдарының белгілі бір бағытын басқаруға, тиісті ұйымның акциялар (қатысу үлестерін) пакетін тиімді басқару мәселелерін шешуге жауапты ҚМГ дивизионының өндірістік құрылымдық бірлігі |
| **Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау блогы (ЕҚОҚ)** | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттілікті қамтамасыз ету жөніндегі ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімше және бизнес-процестің иесі |
| **Қызметкерлерді дамыту және оқыту процесіне жетекшілік ететін жауапты бөлімше** | ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарындағы жауапты құрылымдық бөлімше және Қызметкерлерді дамыту және оқыту жөніндегі бизнес-процестің иесі |
| **Заңнамалық талаптар** | Халықаралық конвенциялар, стандарттар мен шарттарды, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерді қоса алғанда, нормативтік құқықтық және рұқсат құжаттарында қамтылатын талаптар |
| **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ** | Өзінде мынадай бағыттарды қамтитын еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет бағыты: қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты және еңбек гигиенасын сақтау, өнеркәсіп, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, сәйкестілікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (шығарындылар, төгінділер мен қалдықтарды басқару), табиғи |

| | |
|---|---|
| | ресурстарды (су, жануарлар және өсімдік әлемі, энергия тиімділігі) тиімді пайдалану |
| **ЖДЖ** | Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Құзыреттерді дамыту және арттыру мақсатында Қызметкердің жеке даму жоспары |
| **Құзырет (осы Стандарттың** мақсаттары үшін) | Функционалдық міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Қызметкердің біліміне, дағдыларына және тәжірибесіне қойылатын талаптар |
| **Желілік басшылар** | ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, мыналарды қоса алғанда:<br>- Желілік басшы (1) - құрылымдық бөлімшелердің басшылары, цехтардың бастықтары;<br>- Желілік басшы (2) - учаскенің басшылары (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер) |
| **Объект** | ҚМГ компаниялары тобының өндірістік қызметінде пайдаланылатын және аумақтарында (келісімшарттық аумақтарында) тұрған ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық пен өндірістік қондырғылар |
| **Қауіпті өндірістік фактор** | Әсері Қызметкерге уақытша немесе тұрақты жоғалтуына әкелетін өндірістік фактор<br>еңбек қабілетін (өндірістік жарақатқа немесе кәсіптік ауруға) немесе өлімге |
| **Мердігерлік ұйым (Мердігер)** | Белгілі бір жұмысты орындайтын/талаптарға, мерзімдерге және шарттарға сәйкес ҚМГ компаниялары тобы ұйымымен жасалған шарт бойынша Объектіде/Жұмыс орнында қызмет көрсететін жеке немесе заңды тұлға |
| **Жұмыс орны** | Еңбек қызметі процесінде өздерінің еңбек міндеттерін орындау кезінде Қызметкердің тұрақты немесе уақытша орналасқан орны |
| **ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлер)** | Төраға және Басқарма мүшелері |
| **Бизнес-бағыттың/дивизионның басшысы** | Тиісті дивизионды басқаратын Басқарма төрағасының орынбасары: «Көмірсутекті шикізатты барлау және өндіру, Өндірілетін активтердің сервистік инфрақұрылымы», «Газ тасымалдау және маркетинг», «Мұнайды тасымалдау, Мұнай өңдеу және мұнай-химия, Мұнай маркетингі және өткізу» |
| **Бизнес – бірліктердің (БЕ) басшылығы** | ҚМГ Дивизионының құрамындағы ББ айқындайтын тиімді басқаруға жауапты ҚМГ басшылығының өкілі |

| | |
|---|---|
| | (басқарушы директорлар) |
| **Құрылымдық бөлімшелердің басшылары** | ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің (департаменттер, қызметтер, дирекциялар, диспетчерлік орталықтың) басшылары, оның ішінде бас бухгалтер, филиалдар мен өкілдіктер |
| **Қызметкер (лер)** | ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарымен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға (лар) |
| **МЖ** | ҚМГ компаниялары тобында денсаулықты сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі (1-нұсқа) |
| **Оқытудың арнайы бағдарламалары (модульдер)** | ҚМГ компаниялары тобында МЖ тиімді енгізу және қолдау үшін үздік халықаралық практикалар негізінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Операциялық тәуекелдерді басқару бойынша құзыреттерді оқыту және арттыру бағдарламалары |
| **International Association of Oil & Gas Producers (IOGP)** | Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ҚМГ IOGP толық құқықты мүшесі болып табылады |

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. **ҚМГ басшылығы, Бизнес-бағыттардың/Дивизиондардың басшылары, Бизнес-бірліктердің (ББ) басшылығы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары**:

1) Қызметкерлер Құзыреттерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерді үздіксіз арттыру үшін Қызметкерлерге жағдайлар жасағаны;

3) ҚМГ компаниялары тобы қызметінің және олардың Объектілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, Заңнамалық талаптарға және осы Стандартқа сәйкес Қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыруға және олардың біліктілігін қамтамасыз етуге;

4) Объектілерді жұмыстарды орындауға байланысты Қауіпті өндірістік факторлардан Қызметкерлерді және Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін қорғауға жауапты болады.

4.2. **Желілік басшылар**:

1) өзінің құрылымдық бөлімшелерінде Қызметкерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерінің қажетті деңгейін қолдау;

2) өзінің құрылымдық бөлімшелеріндегі бағынысты Қызметкерлерге және осы Стандартқа ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттер матрицасына олардың сәйкестігіне тұрақты мониторинг жүргізу (KMG-F-3469.1-13/ST-3467.1-13);

3) Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттердің сәйкестігін бақылау және мониторинг жасау.

4.3. **ЕҚОҚ блогы** мыналарға жауапты болады:

1) ҚМГ компаниялары тобы Қызметкерлерінің құзыреттерін қамтамасыз ету бойынша процесті ұйымдастыруға және осы Стандарттың талаптарын орындауға әдістемелік жәрдем және консультациялық көмек көрсетуге;

2) оқытудың арнайы бағдарламаларын (модульдерін) әзірлеуге;

3) ҚМГ компаниялары тобының және Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттердің сәйкестігін бақылауға және мониторинг жасауға;

4) осы Стандартты өзекті қалыпта қолдауға.

4.4. **Қызметкерлерді дамыту және оқыту процесіне жетекшілік ететін жауапты бөлімше** мыналарға жауапты болады**:**

1) ЖДЖ және ҚМГ компаниялары тобының ішкі құжаттарына сәйкес ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерді дамыту және арттыру бойынша қызметкерлердің оқытуын ұйымдастыруға және өткізуге.

4.5. **ҚМГ компаниялары тобының қызметкері**:

1) ЖДЖ сәйкес Құзыреттерді арттыруға және дамытуға байланысты оқытудан уақтылы өткені;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттер мүмкіндіктеріне өзінің шектеулері туралы Желілік басшыны уақтылы хабардар еткені үшін жауапты болады.

## 5. СТАНДАРТ ТАЛАПТАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

### 5.1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттер

5.1.1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттер Қызметкердің қойылған міндеттерді шешуге жеке тұлғалық және кәсіби қабілеттерін айқындайтын мынадай атрибуттарға бөлінеді:

1-кесте

| Атрибуттар Құзыреттер | Мазмұны |
|---|---|

## 1. МАҚСАТ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобындағы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарттың (бұдан әрі - Стандарт) мақсаты:

1) Объектілерде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында қолданылып жүрген Қауіпті өндірістік факторларға сәйкес басқарудың барлық деңгейлерінде Қызметкерлердің Құзыреттерін қамтамасыз ету;

2) ҚМГ компаниялары тобының лауазымдық топтарына сәйкес Қызметкерлер үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттер деңгейін белгілеу және айқындау

3) Қызметкерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Құзыреттердергі олқылықтарды жою, сондай-ақ оқытуды кейіннен жоспарлау;

4) қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерді арттыруда Қызметкерлерді ынталандыру тетіктерін енгізу.

1.2. Осы Стандарт «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобында денсаулықты сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулыққа (1-нұсқа), IOGP ұсынымдарына сәйкес әзірленді және ҚМГ ішкі құжаты болып табылады.

1.3. ҚМГ компаниялары тобының операциялық қызметін басқару жүйесінің тұтастығы оқиғалар мен авариялардың салдарларын болдырмауға және жеңілдетуге бағытталған жұмыстарды жүргізу кезінде жобалаудың барынша қауіпсіз және тиімді әдістерін, сондай-ақ ұйымдастырушылық тәртіпті қолдануына қол жеткізеді. Бұл ретте технологиялық процестердің қауіпсіздігін басқару ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Қызметкерлердің Құзыреттерінің қажетті деңгейімен қамтамасыз етіледі және МЖ функционалдық элементтері бойынша көшбасшылықты талап етеді.

1.4. ҚМГ компаниялары тобында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерді қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Қауіпті өндірістік факторларды бағалау кезінде негізгі міндеттерді, іс-қимылдар мен міндеттер негізінде Құзыреттерді қамтамасыз ету;

2) ірі оқиғалар мен аварияларды болдырмау мақсатында технологиялық процестердің қауіпсіздігіне байланысты ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында Қызметкерлер мен басшылар Құзыреттерінің сәйкестігін белгілеу және қолдау;

3) Құзыреттерді арттыру үшін тұрақты оқыту, Құзыреттерді дамытудың негізгі бөлігі ретінде практика арқылы білім мен дағдыларды бекіту;

4) авариялық жағдайлар мен бұзылуларды, техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, Объектілерді пайдаланудың әртүрлі талаптары мен режимдері кезінде Құзыреттерді қамтамасыз ету;

5) Құзыреттерді дамыту және жоғарылатуды оқыту әдістерінің Қауіпті өндірістік факторлар мен орындалатын міндеттердің деңгейіне сәйкестігі;

6) авариялық жағдайлардағы оқыту нысандарын қоса алғанда, Қауіпті өндірістік факторларды және бақылау шараларын бағалауға байланысты Жұмыс орнында/Объектіде оқытуды құрылымдау;

7) растау, бағалау және жазбаларды қоса алғанда, оқыту процесін құжаттау;

8) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы күрделі немесе маңызды міндеттер үшін мерзімді қайта даярлау;

9) Қауіпті өндірістік факторларға шамалас Жұмыс орны/Объекті үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы барлық аспектілерді қоса алғанда кәсіптік біліктілікке сәйкестігі;

10) Мердігерлік ұйымдармен өзара әрекеттесу кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ байланысты салдарларды және олардың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ процестерін басқару және бақылау мүмкіндігінің кепілдіктерін айқындау және бағалау.

## 2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Бұл стандарт барлық Қызметкерлерге және барлық Объектілерге қолданылады және ҚМГ компаниялары тобының барлық Қызметкерлерімен орындау үшін міндетті.

2.2. ҚМГ компаниялары тобының Стандартты қолдануы ұқсас стандарттарды әзірлеу және бекіту немесе ұйымның ішкі құжаттарын осы Стандартқа сәйкес келтіру жолымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ұқсас стандарттардағы және ұйымның ішкі құжаттарындағы осы Стандартта көзделген талаптар төмен болмауы тиіс.

## 3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Стандартта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

| | |
|---|---|
| **ҚМГ** | «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік |

| | |
|---|---|
| | қоғамы |
| **ҚМГ компаниялар тобы** | ҚМГ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ-нің бақылау құқығы бар заңды тұлғалар. |
| **Дивизион** | Келесі белгілердің біреуі бойынша құнды құру тізбегі тұрғысынан алғанда, өзінде қызметтің жақын бейіндегі бірнеше дербес ББ қамтитын ҚМГ бизнесінің стратегиялық құрылымдық бірліктері: өнімді (мұнай, газ), қызмет түрін (барлау, өндіру, қайта өңдеу, көлік, маркетинг, өткізу және басқалары).<br>Дивизиондар ҚМГ компаниялары тобының жетекшілік ететін ББ/ұйымдарының және корпоративтік функциялар бойынша ҚМГ Корпоративтік орталығының өзара іс-қимылын үйлестіруге және қамтамасыз етуге жауапты болады |
| **Бизнес-бірлік (ББ)** | Қызметтің/ҚМГ компаниялары тобының жетекшілік ететін ұйымдарының белгілі бір бағытын басқаруға, тиісті ұйымның акциялар (қатысу үлестерін) пакетін тиімді басқару мәселелерін шешуге жауапты ҚМГ дивизионының өндірістік құрылымдық бірлігі |
| **Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау блогы (ЕҚОҚ)** | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттілікті қамтамасыз ету жөніндегі ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімше және бизнес-процестің иесі |
| **Қызметкерлерді дамыту және оқыту процесіне жетекшілік ететін жауапты бөлімше** | ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарындағы жауапты құрылымдық бөлімше және Қызметкерлерді дамыту және оқыту жөніндегі бизнес-процестің иесі |
| **Заңнамалық талаптар** | Халықаралық конвенциялар, стандарттар мен шарттарды, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерді қоса алғанда, нормативтік құқықтық және рұқсат құжаттарында қамтылатын талаптар |
| **ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ** | Өзінде мынадай бағыттарды қамтитын еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет бағыты: қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты және еңбек гигиенасын сақтау, өнеркәсіп, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, сәйкестілікті басқару, қоршаған ортаны қорғау (шығарындылар, төгінділер мен қалдықтарды басқару), табиғи |

| | |
|---|---|
| | ресурстарды (су, жануарлар және өсімдік әлемі, энергия тиімділігі) тиімді пайдалану |
| **ЖДЖ** | Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Құзыреттерді дамыту және арттыру мақсатында Қызметкердің жеке даму жоспары |
| **Құзырет (осы Стандарттың** мақсаттары үшін) | Функционалдық міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Қызметкердің біліміне, дағдыларына және тәжірибесіне қойылатын талаптар |
| **Желілік басшылар** | ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, мыналарды қоса алғанда:<br>- Желілік басшы (1) - құрылымдық бөлімшелердің басшылары, цехтардың бастықтары;<br>- Желілік басшы (2) - учаскенің басшылары (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер) |
| **Объект** | ҚМГ компаниялары тобының өндірістік қызметінде пайдаланылатын және аумақтарында (келісімшарттық аумақтарында) тұрған ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық пен өндірістік қондырғылар |
| **Қауіпті өндірістік фактор** | Әсері Қызметкерге уақытша немесе тұрақты жоғалтуына әкелетін өндірістік фактор<br>еңбек қабілетін (өндірістік жарақатқа немесе кәсіптік ауруға) немесе өлімге |
| **Мердігерлік ұйым (Мердігер)** | Белгілі бір жұмысты орындайтын/талаптарға, мерзімдерге және шарттарға сәйкес ҚМГ компаниялары тобы ұйымымен жасалған шарт бойынша Объектіде/Жұмыс орнында қызмет көрсететін жеке немесе заңды тұлға |
| **Жұмыс орны** | Еңбек қызметі процесінде өздерінің еңбек міндеттерін орындау кезінде Қызметкердің тұрақты немесе уақытша орналасқан орны |
| **ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлер)** | Төраға және Басқарма мүшелері |
| **Бизнес-бағыттың/дивизионның басшысы** | Тиісті дивизионды басқаратын Басқарма төрағасының орынбасары: «Көмірсутекті шикізатты барлау және өндіру, Өндірілетін активтердің сервистік инфрақұрылымы», «Газ тасымалдау және маркетинг», «Мұнайды тасымалдау, Мұнай өңдеу және мұнай-химия, Мұнай маркетингі және өткізу» |
| **Бизнес – бірліктердің (БЕ) басшылығы** | ҚМГ Дивизионының құрамындағы ББ айқындайтын тиімді басқаруға жауапты ҚМГ басшылығының өкілі |

| | |
|---|---|
| | (басқарушы директорлар) |
| **Құрылымдық бөлімшелердің басшылары** | ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің (департаменттер, қызметтер, дирекциялар, диспетчерлік орталықтың) басшылары, оның ішінде бас бухгалтер, филиалдар мен өкілдіктер |
| **Қызметкер (лер)** | ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарымен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға (лар) |
| **МЖ** | ҚМГ компаниялары тобында денсаулықты сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі (1-нұсқа) |
| **Оқытудың арнайы бағдарламалары (модульдер)** | ҚМГ компаниялары тобында МЖ тиімді енгізу және қолдау үшін үздік халықаралық практикалар негізінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Операциялық тәуекелдерді басқару бойынша құзыреттерді оқыту және арттыру бағдарламалары |
| **International Association of Oil & Gas Producers (IOGP)** | Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ҚМГ IOGP толық құқықты мүшесі болып табылады |

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. **ҚМГ басшылығы, Бизнес-бағыттардың/Дивизиондардың басшылары, Бизнес-бірліктердің (ББ) басшылығы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары**:

1) Қызметкерлер Құзыреттерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерді үздіксіз арттыру үшін Қызметкерлерге жағдайлар жасағаны;

3) ҚМГ компаниялары тобы қызметінің және олардың Объектілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, Заңнамалық талаптарға және осы Стандартқа сәйкес Қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыруға және олардың біліктілігін қамтамасыз етуге;

4) Объектілерді жұмыстарды орындауға байланысты Қауіпті өндірістік факторлардан Қызметкерлерді және Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін қорғауға жауапты болады.

4.2. **Желілік басшылар**:

1) өзінің құрылымдық бөлімшелерінде Қызметкерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерінің қажетті деңгейін қолдау;

2) өзінің құрылымдық бөлімшелеріндегі бағынысты Қызметкерлерге және осы Стандартқа ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттер матрицасына олардың сәйкестігіне тұрақты мониторинг жүргізу (KMG-F-3469.1-13/ST-3467.1-13);

3) Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттердің сәйкестігін бақылау және мониторинг жасау.

4.3. **ЕҚОҚ блогы** мыналарға жауапты болады:

1) ҚМГ компаниялары тобы Қызметкерлерінің құзыреттерін қамтамасыз ету бойынша процесті ұйымдастыруға және осы Стандарттың талаптарын орындауға әдістемелік жәрдем және консультациялық көмек көрсетуге;

2) оқытудың арнайы бағдарламаларын (модульдерін) әзірлеуге;

3) ҚМГ компаниялары тобының және Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттердің сәйкестігін бақылауға және мониторинг жасауға;

4) осы Стандартты өзекті қалыпта қолдауға.

4.4. **Қызметкерлерді дамыту және оқыту процесіне жетекшілік ететін жауапты бөлімше** мыналарға жауапты болады**:**

1) ЖДЖ және ҚМГ компаниялары тобының ішкі құжаттарына сәйкес ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттерді дамыту және арттыру бойынша қызметкерлердің оқытуын ұйымдастыруға және өткізуге.

4.5. **ҚМГ компаниялары тобының қызметкері**:

1) ЖДЖ сәйкес Құзыреттерді арттыруға және дамытуға байланысты оқытудан уақтылы өткені;

2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттер мүмкіндіктеріне өзінің шектеулері туралы Желілік басшыны уақтылы хабардар еткені үшін жауапты болады.

## 5. СТАНДАРТ ТАЛАПТАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

### 5.1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттер

5.1.1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттер Қызметкердің қойылған міндеттерді шешуге жеке тұлғалық және кәсіби қабілеттерін айқындайтын мынадай атрибуттарға бөлінеді:

1-кесте

| Атрибуттар Құзыреттер | Мазмұны |
|---|---|

| | |
|---|---|
| **Білім** | Білім тәжірибе немесе оқыту арқылы алынған хабардар болуы мен түсіністігін қамтиды. Білім қауіптілікті және тәуекелдерді, олардың әртүрлілігін және Қызметкерге әсерін, тәуекелдерді бағалауды және басқаруды, МЖ негізгі элементтерін, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ деректерін жинау мен талдадуы, Заңнамалық талаптарды білуін және оларды Жұмыс орнында/Объектіде қолдануын қамтиды. |
| **Дағды** | Қауіптер мен тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша практикалық іс-қимылды орындау, тәуекелдерді бағалауды орындау және бақылау шараларын әзірлеу қабілеті. Басқа қызметкерлермен тиімді өзара әрекеттесе білу сияқты жеке дағдылар да маңызды. Тиімді жұмыс үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында техникалық құзыреттілік пен кәсіби көмекті қолдау дағдылары. |
| **Тәжірибе** | Қызметкердің ол тап болатын қандай да бір іс-әрекеттерді байқау немесе орындау процесі нәтижесінің тәжірибесі. Қызметкер оның білімі мен дағдылары практикада тексерілгенде тәжірибе жинақталады және өз іс-қимылдарының нәтижесінде оқытылады. Қызметкер ол тәжірибесі көп басқа Қызметкердің бақылауында болғанда тәжірибе алуы мүмкін. Тәжірибелі қызметкер басқа қызметкерге кері байланысты бере және олар бірге түзейтін қателерді көрсете алады. |
| **Мінез-құлық** (толықтыру) | Мінез-құлық Қызметкердің Жұмыс орнында болашақ жетістіктерін болжау қабілеттерін айқындайды. Қызметкердің мінез-құлық нормаларының жазылған жиынтығы тілдесу, сауаттылық, жабдықты және процестерді білу, сыни ойлау дағдыларын қамтиды. |

5.1.2. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттер Қызметкердің білімі, дағдылары мен тәжірибесі көп басқа Қызметкерге кеңес үшін жүгіну қажет болғанда мүмкіндіктерде өзінің шектеулері туралы білімін қамтиды.

## 5.2. Құзыреттер деңгейін айқындау шкаласы

Қызметкердің құзыреттер деңгейі Құзыреттер (білім, дағды, тәжірибе) комбинациясының негізінде 2-кестеде көрсетілген 4-деңгейлі шкала бойынша айқындалады, ол Қызметкерге қажетті Құзыреттер деңгейін барынша егжей-тегжейлі анықтауға мүмкіндік береді.

2-кесте

| Құзыреттерді дамыту деңгейлері | Индикаторлар |
|---|---|
| **1-деңгей – Хабардар болуы** | **Қызметкер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ корпоративтік талаптарының аз түсінуін қамтамасыз етеді:**<br>1) теориялық білімге ие және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарының түсінгенін көрсетеді; |

| | |
|---|---|
| | 2) Жұмыс орнында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ аспектілерінің біліміне ие болады;<br>3) Заңнамалық талаптарды сақтайды;<br>4) дағдыға қатысты пікірталастарға қатысады;<br>5) жоғары бақылаумен кертартпалыққа негізделген міндеттерді орындайды;<br>6) талдап үйренеді. |
| **2-деңгей – Базалық қолдану** | **Қызметкердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқарудың жеткілікті шоғырландырылған дағдылары бар:**<br>1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қолданыстағы бағдарламалары, әдістері мен құралдарының сенімді пайдаланушысы;<br>2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жекелеген бағдарламаларында, әдістері мен құралдарында көшбасшы болу мүмкіндігіне ие;<br>3) МЖ бағдарламаларында, әдістерінде және құралдарында түсіністікке және қажетті білімге ие;<br>4) негізгі және кертартпалыққа негізделген міндеттерді орындайды;<br>5) мерзімді бақылауды талап етеді;<br>6) функционалдық білімі мен қабілеттерін арттырады;<br>7) басқа Қызметкерлермен өзара әрекеттеседі. |
| **3-деңгей - Білікті қолдану** | **Қызметкер ең жоғары деңгейде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бағдарламалары мен жобаларына белсенді қатысады:**<br>1) ҚМГ бизнес-процестерінің жалпы құрылымына оларды біріктіруде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қолданыстағы бағдарламаларын, әдістері мен құралдарын жақсы білуі;<br>2) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жауапкершілікті түсінеді;<br>3) МЖ жоспарлау және талдау процестерінде белсенді рөл атқарады;<br>4) шешімдерді тәуелсіз қабылдайды;<br>5) басқа салалармен және тәртіптермен жұмысын біріктіреді,<br>6) жиі басқа Қызметкерлердің тәлімгері немесе жаттықтырушысы болып табылады;<br>7) шешімдердің баламалы нұсқаларын бағалайды және салыстырады. |
| **4-деңгей - Сараптамалық қолдану** | **Қызметкер МЖ белсенді қолдайды және дамытады:**<br>1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қолданыстағы бағдарламалары, әдістері мен құралдарының кәсіби біліміне ие;<br>2) МЖ үздік әлемдік практикалары мен нұсқаулықтарын қолдана отырып стандарттарды әзірлейді және айқындайды;<br>3) тәлімгерлікке ие болады және МЖ стандарттарын қолдайды;<br>4) нақты дағдыда ілгері тәжірибесі бар және күрделі проблемалардың шығармашыл шешімдерін қолданады;<br>5) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында бизнестің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін айқындайды және ілгерілетеді; |

| | |
|---|---|
| | 6) мүдделі тараптар алдында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша ҚМГ мүдделерін білдіреді;<br>7) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында танылған сарапшы болып табылады. |
| **Б** | Басқарушылық құзыреттер |
| **Т** | Техникалық құзыреттер |

## 5.3. Құзыреттерді қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

5.3.1. Қызметкерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттеріне қойылатын жалпы талаптар мен өлшемшарттар МЖ 10 элементінің әрқайсысы үшін айқындалған және осы Стандартқа (KMG-F-3468.1-13/ST-3467.1-13) көрсетілген.

5.3.2. Қызметкердің құзыреті Қызметкерде 1-кестеде көрсетілген қажетті индикатордың, оның ішінде мінез-құлық индикаторының пайда болуымен сипатталады.

5.3.3. Қызметкерде 2-кестеде көрсетілген 1-ден 4-деңгейге дейінгі Құзыреттерді дамыту деңгейі осы Стандартқа Құзыреттер матрицасындағы (KMG-F-3468.1-13/ST-3467.1-13) деңгейге сәйкес келуі тиіс.

5.3.4. Құзыреттерде олқылықтар болған жағдайда Қызметкерге оларды арттыру және дамыту үшін оқытудан өту ұсынылады.

5.3.5. Қызметкер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бекітілген ЖДЖ, қызметкерлерді оқыту және дамыту қағидаларына (KMG-PR-434.8-6) және ҚМГ компаниялары тобының ішкі құжаттарына сәйкес Құзыреттерді дамыту және арттыру бойынша оқытудан өтеді.

5.3.6. МЖ енгізу және қолдау шеңберінде Қызметкерлер Қызметкерлерді дамыту мен оқыту процесіне жетекшілік ететін Жауапты бөлімшемен келісім бойынша оқытудың арнайы бағдарламалары (модульдері) бойынша оқытудан өтеді.

## 5.4. ҚМГ ұйымының деңгейлері (лауазымдық топтар)

5.4.1. ҚМГ компаниялары тобында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттер деңгейлеріне олардың сәйкес келтіру үшін лауазымдық топтар айқындалған және осы Стандартқа ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Құзыреттер матрицасында (KMG-F-3468.1-13/ ST-3467.1-13) көрсетілген.

5.4.1.1. **ҚМГ корпоративтік деңгейі**

1) ҚМГ Директорлар кеңесі - Директорлар кеңесінің мүшелері;

2) ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлер) - Басқарма төрағасы және мүшелері;

3) бизнес-бағыттың/Дивизионның басшысы - Басқарма төрағасының орынбасары;

4) Бизнес-бірліктердің (ББ) басшылығы – қызметтің тиісті бағыты жөніндегі басқарушы директор;

5) Құрылымдық бөлімшенің басшысы;

<u>ЕҚОҚ блогы</u>

6) ЕҚОҚ блогының басқарушы директоры/Тең басқарушы директор;

7) ЕҚОҚ департаментінің директоры;

8) ЕҚОҚ департаменті директорының орынбасары;

9) ЕҚОҚ департаментінің жетекші маманы/сарапшы;

10) ЕҚОҚ департаментінің аға маманы/маманы.

5.4.1.2. **ҚМГ компаниялары тобының ұйымдастыру деңгейі**

1) Бірінші басшы - өңірлік құрылымдық өндірістік бөлімшелердің немесе филиалдардың, базалардың және өкілдіктердің бас директорлары, директорлары;

2) Өндірістік мәселелер жөніндегі директор - бас директорлардың орынбасарлары, өңірлік құрылымдық өндірістік бөлімшелердің, базалар мен өкілдіктердің директорларының орынбасарлары, техникалық директорлар, бас инженерлер;

3) Желілік басшы (1) - құрылымдық бөлімшелердің басшылары, цехтардың бастықтары;

4) Желілік басшы (2) - учаскенің басшылары (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер);

5) Топтың немесе бригаданың басшысы - тәлімгер немесе шебер;

6) Маман - білікті маман (инженер, оператор, энергетик, механик және т.б.);

<u>ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі</u>

7) Басшы/директор;

8) Орынбасар/Бөлім бастығы;

9) Жетекші маман/сарапшы (Жетекші инженер/инженер);

10) Аға маман/маман.

## 6. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Стандартта мынадай құжаттар пайдаланылды:

| | | |
|---|---|---|
| 1. | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2019 жылғы 15 шілдедегі шешімі, № 27 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | 1-нұсқа | ҚМГ компаниялары тобында денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулық |
| 3. | KMG-PR-434.8-6 | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидалары |
| 4. | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2016 жылғы 30 қарашадағы шешімі № 45 хаттама | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобының басшы қызметкерлерінің, басқарушылық және әкімшілік персоналының жеке -іскерлік құзыреттерінің үлгілік моделі |

## 7. ЖАЗБАНЫҢ НЫСАНДАРЫ

| | | |
|---|---|---|
| 1. | KMG-F-3468.1-13/ ST-3467.1-13 | ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттерге қойылатын талаптар мен өлшемшарттар. |
| 2. | KMG-F-3469.1-13/ ST-3467.1-13 | ҚМГ компаниялары тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттер матрицасы |

# ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы құзыреттерге қойылатын талаптар мен өлшемшарттар[1]

## 1. Көшбасшылық, міндеттемелер және жауапкершілік (1-элемент)

| |
|---|
| **А. Құзыреттерге қойылатын жалпы талаптар** |
| *ҚМГ басшылығы, бизнес-бағыттардың/Дивизиондардың басшылары, Бизнес-бірліктердің (ББ) басшылығы, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының бірінші басшылары өзінің жауапкершілігін түсінеді және ҚМГ компаниялары тобының көшбасшылығын және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ айқын әрі тиімді басқару арқылы саясатқа бейілділігін көрсетеді* |
| **Осы Құзырет үшін қызметтің нақты түрлері** |
| 1. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ көшбасшылығы мен бейілділігінің негізгі тұжырымдамаларын қолдану:<br>1) айқын пайымын беру: стратегияларды, басымдықтарды, іс-қимылдар жоспарларын, жауапкершілікті және салдарларын айқындау;<br>2) ресурстарды бөлу: басшылық тарапынан уақытты және қажетті ресурстарды, назарын бөлу;<br>3) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мақсаттарын басқа бизнес-мақсаттармен біріктіру;<br>4) жеке қатыстырылуы: ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ ЕҚ жақсарту жөніндегі іс-шараларды, жобаларды, аудиттерді жоспарлау және мониторингілеу, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ тәуекелдерін басқару бойынша ағымдағы ахуалды түсіну;<br>5) Көзге көрінетін қатысу: қысқа мерзімді перспективада ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қолдаумен шектелмей, күн сайынғы іскерлік белсенділікте ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басымдықтарын айқындау.<br>2. Қауіпсіз мінез-құлықты жақсарту бойынша тиімді бағдарламаларды басшылыққа алу.<br>3. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жеке бейілділігі туралы кері байланыс. |
| **В. Құзыреттер деңгейлерін қанағаттандыру үшін орындалуы тиіс арнайы талаптар мен өлшемшарттар (индикаторлар)** |
| **Хабардар болуы -** мынадай негізгі терминдерді сипаттауға болады және олардың маңыздылығын түсінеді: |
| ✓ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қауіпті және қауіпсіз мінез-құлқы арасындағы айырмашылық |
| ✓ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қауіпсіз мінез-құлықтың маңыздылығы |
| ✓ Қауіпсіз мінез-құлықты және оқиғалар арасындағы өзара байланыс |
| ✓ ҚМГ алтын қағидалары |

[1] ҚМГ компаниялары тобында денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі нұсқаулықтың элементтеріне сәйкес (1-нұсқа)

| |
|---|
| ✓ Қызметкерлердің өздерінің не айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына негізді қауіп төндіретін жағдайлар туындаған кезде жұмыстарға араласудың/орындаудан бас тартудың мәні және неліктен ол маңызды |
| ✓ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мінез-құлық арқылы басқа Қызметкерлер үшін мысал (араласуды/бас тартуды қоса алғанда) |
| **Білім** (+ Хабардар болуы) - Мазмұнды талқылауды жүргізуі мүмкін және тиісті практикасы бар: |
| ✓ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мінез-құлқы және мәдениеті туралы мәселені ақылға қонымды түрде талқылауы мүмкін |
| ✓ Қызметкерлер және/немесе Мердігерлер арасында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мінез-құлқын (мысалы, ТОҚТА-картасы, жұмыстар және жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықтық бақылаулар) өзгертуге бағытталған бағдарламаны іске асыруға және ілгерілетуге белсенді қатысады |
| ✓ Қауіпсіздіктің мінез-құлық бағдарламаларының мақсаттарын жақсы түсінгендігін көрсетеді |
| ✓ Өз қызметкерлерінің және/немесе Мердігерлердің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мінез-құлқын белсенді қадағалайды және проблемаларды шешу үшін шаралар қабылдайды |
